«Kaz In Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
080000, Тараз қаласы Бөлтірік шешен көшесі №3 үй. aida_shleeva@mail.ru

Шығыс № 1
« 26 **»** 05 **2021 жыл**

«Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік
аудит комитетінің Жамбыл облысы
бойынша ішкі мемлекеттік аудит
департаменті» РММ

«kaz In Capital» ЖШС директоры
Е.С. Мамыров
БИН 150240024836
Тел: 87759000085

«Kaz In Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2021 жылғы 19 сәуірде хабарлама №5667796-2, лот №42554877-ОК1 «Табиғат пайдаланудың және орман өсірудің шектеулі режимі бар орман саябақтары, жасыл және қорғаныс аймақтарын құру (Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құлан ауылындағы Дендро саябағындағы ағаштарға күтім жасау)», жұмыстары бойынша конкурсқа қатысқан болатын. Ұйымдастырушы «Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидасының 150 тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 27-бабына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады.

Ұйымдастырушы қалыптастырған қорытынды нәтижесімен келіспейміз. Себебі:

Жеңімпаз "Кулан Сервис Строй" ЖШС-ң және екінші жеңімпаз "BIG building NS" ЖШС-ң аталған жұмыстарды атқаруға материалдық ресурстары мүлдем жоқ. Ұйымдастырушы бұл қателіктерге қарамастан жеңімпаз болуына жол берген.

Сонымен қатар, "MC COMFORT GROUP" ЖШС-і техникаларды жекеменшік деп көрсеткен. Алайда, құжаттарды тексеру барысында, барлық техникалардың төл құжаттарында көрсетілгендей, өзге тұлғаларға тиесілі екендігі айқындалды. Демек, жалған ақпарат берді деген сөз. Еңбек ресурстары бойынша аталған ЖШС-да жұмыс істейтіндігі жөнінде ешбір дәлелдеме құжаттары жоқ. "Жасыл Ел-Тараз" ЖШС және "Ray" ЖК-де материалдық ресурстары жеткіліксіз және жұмысшылардың нақты осы ЖК-де жұмыс істейтіндігі жөнінде дәлелдеме құжаттары жоқ.

Жоғарыда көрсетілген қателіктерді ескере келе, аталған ЖШС-лар біліктілік талапқа мүлдем сәйкес келмейді. Осыған байланысты, ұйымдастырушы тарапынан қорытынды нәтижесінің хаттамасын қайта қарауды сұраймыз.

«Kaz In Capital» ЖШС директоры **Е. Мамыров**